

Орта ғасырлық араб- мұсылман философиясы»



Дәріс жоспары:

- ▣ Шығыс философиясының қалыптасуының бастаулары.
- ▣ Араб тілді философияның негізгі проблемалары.
- ▣ Ислам дінінің Қазақстан территориясында дамуы
- ▣ Түркі тілді философияның даму ерекшеліктері

Доминнаттық идея

Теоцентризм

Ислам дінінің сенім негіздері

- Рисала
 - Періштелер
 - Елшілер
 - Киелі Кітаптар
- Таухид
 - Құдай-Аллаһ тағала
 - Тағдыр-жазмыш
- Ахира
 - Өлгеннен кейінгі өмір
 - Қиямет күні





Тадж-Махал



Арабтілді философия

- Арабтардың ықпалында болған және Орта Шығыс халықтары мен арабтар жасаған философияны айтады. Ортағасырда философияны негіздеуге атсалысқандар түрлі ұлттардың өкілдері болғанмен өз еңбектерін бәрі де араб тілінде жазғандықтан, “араб философиясы” емес, “арабтілді философия” деп атау қабылданған.

Орта ғасырлық арабтілді философия дамуы

- 1.VII-IXғғ – арабтілді философияның тууы мен қалыптасуы
- 2.IX-XVғғ –арабтілді философияның ежелгі грек философиясын игеруі.

Бірінші кезеңдегі негізгі

бағыттар:

Мутакаллимдер мектебі

Мутазилиттер мектебі

суфизм



Радикалды исламды жақтаушылар. Мутакаллимдер мектебінің өкілдері исламның діни догмаларын негіздеп, араб-ислам схоластарының рөлін атқарды.

Ислам философиясын дамытқанымен, кейбір мәселелерді материалистик тұрғыдан түсіндірді. Мысалы:

1. Исламның дамуының жаратылуы, дүниенің шығуы, тағдырдың жазылуы, т.б. туралы догмаларды рационализм мен материалистік тұрғыдан түсіндірді;
2. Құдай туралы антропоморфты түсінікті (Құдайдың адам бейнелілігін) терістеді;
3. Құдай мен Әлемді бір деп жариялады;
4. Адам ақылының күшіне сенді;
5. Адам танымының күші мен мүмкіндіктеріне сенді.

(“суф” – “жүн шекпен киген адам”; “саф”, “сафа” – “тазалық”; “сафуа” – “таңдаулы болу” деген мағыналар гректің “софос” – “даналық” сөзінен алынған). Суфизм – адамның өз еркімен сыртқы дүниеден, бұл дүниелік қызықтан бас тартып, өз өмірін Құдай жолына арнау. Суфизм аскетизм, мистиканы жоғары игілік деп есептейді.

IX ғасырда араб философияның II
кезеңі басталады

1. Медицина мен жаратылыстану саласындағы жаңалықтар нәтижесінде материалистік идеалардың күшеюі;
2. Ежелгі грек философиялық идеаларының енуі;

IMAM HASAN (PBUH)
WWW.TEBYAN.NET


WWW.TEBYAN.NET



Әл Кинди(800-879)



**Әл Фараби
(870-950)**



Ибн Сина



**Ибн Рушд
(1126-1198)**

Араб философиясын европаландыруға алғашқы қадам жасаған алғашқы ойшыл. Бірінші болып арабтарға ежелгі грек философиясын, Аристотельді ашты. Аристотель философиясының әдісімен категориялар ұғымы, логика, таным туралы ілім, т.б материалистік идеалар жетті. Сонымен қатар, Әл Кинди өз заман үшін революциялық мәні бар идеаны – адам ақылының дүниені тани алатының жариялады және ғылыми танымның ақиқат білімге апаратын үш сатысын жіктеді:

1. Логикалық материалистік
2. Ғылыми жаратылыстық
3. метафизикалық(философиялық)

Әл Кинди пікірінше, ақыл ғана таным көзі бола алады.

Әбу Насыр Әл-Фараби (أبو نصر محمد الفارابي) Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби(870-950ж. ш.) - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Абайдың Фараби еңбектерімен таныстығы жөнінде нақтылы мәліметтер жоқ. Дегенмен Сағдидық: «... философияға, даналыққа зор мән берген Абай әл-Фараби, ибн Синалармен таныс болуымен бірге осы ғалпиялар кітаптарынан да мағлұматы бар еді»

Араб философиясын жаңа деңгейге көтерген ойшыл.

Ибн Сина:

1. Мұсылман теологтарының біржақтылығын, догматизм әжуалады.
2. Философияны діннен ажыратуға тырысты
3. Философия адам ақылының жетістіктерін жүйелейтін дербес ғылым деп есептеді
4. Философиялық идеаларды жаратылыстаным ғылымының, өзінің медициналық жаңалықтарын енгізді
5. Құдайдың бар екенін мойындағанымен, оның күдіретінің шексіздігіне күмән келтірді.

Араб философтарының ішіндегі Еуропаға танымалы әрі ең әйгілісі болды.

Ибн Рушд мұсылмандық Испанияда өмір сүрді және батысараб-европалық философия өкіліне айналды. Ол Еуропаға кең тарап, католицизм мен схоластикаға қарсы шыққан аверроистік философияны жасады.

Ибн Рушд философиясы материалистік негізде және араб философиясының озық ойларымен жүйеленіп, өңделген Аристотель ілімінің синтезі түрінде қалыптасты.

Мұсылман философиясының түрлері



Мұсылмандық философияның ең бірінші түрі КАЛАМ деп аталады. Хғ мұсылмандық (Батыс және Шығыс) перипатетизм(аристотелизм) дамыды. Мұсылмандық философияда маңызды орынды мистикалық философия(суфизм) иеленді. Калам VIII-XV ғ мұсылмандық философиядағы ағымның атауы(арабтың “калам” сөзі “әңгіме”, “ойтолғау” мағынасын береді). Каламды жақтаушылар мутакаллимдер деп аталады. Каламды “мұсылмандық схоластика” деп атауға болады: калам исламдағы діни идеаларды рационалды тұрғыдан негіздеудің алғашқы талпынысы. Ортағасырлық дәуірдегі европалық схоластика сияқты, калам да мұсылмандық мәдениетте “құдайтанудың қызметшісі” ролін атқарады.

Калам да христиандық философия сияқты, антикалық философияға екіұдай қатынасты ұсынады: мұсылмандық ойшылдардың бірі антикалық философияны білу-діни сенім ақиқаттарын терең түсіну үшін қажет деп санаса, екіншілері философияны білу қажеттінің бәрі Құран деп сенді. Араб авторларының бірінде калам туралы: “калам – философтардың метафизикасын терістеу үшін – Құдай, оның атрибуттары және ислам заңдары бойынша болуы мүмкін, нәрселердің шарттары туралы ілім” деген анықтама берді.

1. Каламның даму тарихы мынандай кезеңдерге жіктеледі:

Алғашқы кезең (VII соңы-VIII ғ басы аралығы). Өз дамуының алғашқы кезеңінде калам мұсылмандық құдайтану шеңберінде дамыды. Бұл кезеңде иудаизм мен христиандық діндер өкілдерімен жүргізілетін полемика маңызды орында. Кең талданатын орталық мәселелерге мыналар жатады:

Үлкен және кіші күнәлар мәселесі. Олардың ара-жігін ажырату және ұлы күнә жасаған адам статусы, яғни содан кейін де ол мұсылман болып қалама?

Құдіреттің жазуы-ислам догматтары бойынша Алла әрбір адамның тағдырын ол туылғанға дейін белгілеп қояды. Құдіреттің жазуын мойындау адамның өзі жасаған әрекеті мен күнәлері

2. Мутазилиттік кезең (VIII-Xғ ортасы)

Мутазилиттік кезең Хасан аль Басри (728ж дүниесі салған) мен оның шәкірттері әрекеттерінен басталады.

Ежелгі грек философиясының әдістері мен идеяларын философиялық зерттеуге қолдануды дәл осы мутазилиттер бастады. Сондықтан мұсылмандық философиялық философияның тарихы белгілі дәрежеде ислам теологиясынан бөлініп шыққан мутазилиттерден басталады дегенге болады.

- Мутазилиттер Құранды догма ретінде қарастыруға қарсы шығып, оның оның аллегориялық тұрғыдағы түсіндірмелік сипатын жақтады.
- Құранның мәңгіліктігі тезисіне қарсы шығып, оның жаратылғандығы идеясын жақтады.
- Олар күдіретті жазу догматына қарсы шығып, адам еркінің бостандығы идеясын демек, адамның өз іс әрекетіне жауаптылығын қорғады.
- Мутазилиттер дүниенің атомарлы құрылымы туралы түсінікті жақтады; атомдар – әрқайсысын әрдайым Алла басқарып отыратын бөлшектер деп түсінілді.

3. Классикалық кезең (VIII-Xғ)

Мутазилиттер жиі талдайтын мәселе қатарына Жаратушы мен алғашқы жаратылу, және Құдай атрибуттары туралы сұрақтар енді. Ортодоксалды қаламның классикалық кезеңінің негізін қалаушы – өз әрекетін мутазилит ретінде бастаған әл-Ашадиди (873-935), Матуриди (941) және әл-Газали (1058-1111) болып табылады.

Ортодоксалды қаламның толық қалыптасу уақытын Халиф әл Каирдің 1041жылғы мұсылмандық “сенім символдарын” жариялап, келіспеушілермен пікір таластыруға тиым салатын жарлығымен байланыстырады.

үрiк тiлдес философияның қалыптасуы.

Ақынның «Құтты бiлiк» поэмасынан басқа жазған көптеген рубаилары да болған. Мысалы, Наманган қолжазбаларының iшiнен оның 600 жолдан астам рубаилары табылған. Ол да поэзиялық көркемдiгi жоғары, философиялық толғамдары терең.



Негiзгi еңбегi «Диуани лұғат ат-түрiк» («Түрki сөздерiнiң жинағы») деп аталады. Сөздiкте ерекше тәлiмдiк-тәрбиелiк, ғибарттық мәнi бар мақал-мәтелдер мен канатты сөздер жиi кездеседi: «Ақылымды ал, ұлым менiң, рақымшыл бол, әулетiннiң ағасы бол, ақылшы данасы бол, бiлгенiндi ортақтас...», «Ұлым менiң, ақыл сенiң серiгiң», «Ашу-ыза ақылынды алады, мажыма мылжың дүниендi тарытпады».

❖ Ахмед Иүгiнеки қысқаша тақырыптарға бөлiп, ислам құндылықтарына негiзделген өлең-жырларын өмiрге келтiре бастайды. Кейiн бұл жәдiгерлiктердiң басы бiрiктiрiлiп, “хибуат-ул-хақаик” (“Ақиқат сыйы”) деп аталатын дидактикалық өлеңдер жинағына айналған. Мазмұны, танымдық нәрi жағынан алғанда “Ақиқат сыйы” – Әбу Насыр әл-Фараби, Махмуд Қашқари, жылы Баласағұни, Қожа Ахмет Иасауи мұраларымен iштей астасып, 9 – 13 ғ. аралығындағы түрki дүниесiнiң рухани қазыналарының жарқын туындысына айналды.

❖ Қожа Ахмет Йассауи- түрkiстандық ғұлама, әулие. Қожа Ахмет Йассауидың арғы тегi қожалар әулетi. Әкесi – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзiрет Әлiнiң ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелiгiмен танылған. Оның бүгiнгi ұрпаққа жеткен көлемдi шығармасы – «Диуани Хикмат» (Хикмат жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кiтап болып басылып шығады. Содан кейiн ол Ыстамбұл, Қазан, Ташкент қалаларында бiрнеше қайыра басылады. Соның бiрi 1901 ж. Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы болатын. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзiнiң бала күнiнен пайғамбар жасына келгенге дейiн өмiр жолын баяндайды, тiршiлiкте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдiк жүргiзушi хандардың, бектердiң, қазылардың жiберген кемшiлiктерiн, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнiдiң жалғандығын бiлдiредi. «Диуани Хикматтан» түрki халықтарына, соның iшiнде қазақ халқына, ертедегi мәдениетiне, әдебиетiне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.

